

Шағын көмір қоры бар кен орындарын игеру туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ӨКІМІ 18 мамыр 1994 ж.
N 203-ө

1. Энергетикалық отын ретінде пайдалануға, коммуналдық-тұрмыстық объектілерді және халықты жарамды перспективалық көмір қоры бар Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау, Семей және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы шағын көмір кен орындарын игеруді жеделдету қажет деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі және "Отын" компаниясы осы облыстардың әкімдерімен бірлесіп әрі "Қарағандыгипрошахт" институтын, коммерциялық құрылымдарды тарта отырып:

бір ай мерзімде республиканың отын балансына тартылмаған шағын көмір кен орындарын игерудің бағдарламасын әзірлесін әрі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін;

жер қойнауын пайдалануға және кенді бөліп беруге белгіленген тәртіппен шарт жасаса отырып жобалық-техникалық құжаттамаларды әзірлеуге әрі сол көмір кен орындарын игеру жөніндегі жұмыстарды орындауға тапсырыс берушілерді айқындайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі облыс әкімдерімен, денсаулық сақтау органдарымен бірлесіп, осы бағдарламаға енгізілген кен орындарын пайдаланудың экологиялық қауіпсіздік мәселелерін пысықтасын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігімен, "Отын" компаниясымен, облыс әкімдерімен бірлесіп, ұсақ көмір кен орындарын әзірлеу үшін құрылған акционерлік қоғамдардың және басқа құрылымдық түзілімдердің құрылтайшылық құжаттарын бекітсін.

5. Аталған өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне жүктелсін.

Премьер-министрі